

## **Рудный қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2022 жылғы 17 маусымдағы № 132 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 маусымда № 28576 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Рудный қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Рудный қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихат хатшысы*

*С. Байғужин*

Мәслихаттың

2022 жылғы 17 маусымдағы

№ 132 шешіміне

қосымша

## **Рудный қалалық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. Рудный қалалық мәслихатының "Қостанай облысы Рудный қаласының Қашар кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 12 қыркүйектегі № 319 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5124 тіркелген).

2. Рудный қалалық мәслихатының "Қостанай облысы Рудный қаласының Горняцк кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 12 қыркүйектегі № 320 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5125 тіркелген).

3. Рудный қалалық мәслихатының "Мәслихаттың 2014 жылғы 12 қыркүйектегі № 319 "Қостанай облысы Рудный қаласының Қашар кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2017 жылғы 25 шілдедегі № 146 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7181 тіркелген).

4. Рудный қалалық мәслихатының "Мәслихаттың 2014 жылғы 12 қыркүйектегі № 320 "Қостанай облысы Рудный қаласының Горняцк кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына

қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2017 жылғы 25 шілдедегі № 147 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7182 тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ